

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН  
ҚОҒАМЫНДАҒЫ  
МӘДЕНИ  
САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ  
ЖАСАМПАЗДЫҚ**

Қазақстан Республикасының егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы қоғамдық өмір саласында көптеген мәселелерді туындатты. Құндылықтарды қайта қарау қоғамдық өмірдің барлық салаларында күрделі қайта құруларды жүзеге асыру қажеттілігін айқындады. Алға қадам басып, қарқынды дамуды қамтамасыз ету үшін қоғамдық санада өткен дәуірлер тәжірибесін қайтадан жаңғыртып, ой елегінен өткізу керек. Сондықтан «тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму үлгілерін, өркениеттік дамудың Қазақстанға тән жолын қарастыру, қазақтардың дәстүрлі құқық философиясы мен дәстүрлі саяси философиясын зерттеуге итермелейді» [1].

Көшпенді қоғам өзіне тән күрделі саяси жүйе мен әлеуметтік құрылымды қалыптастырды. Кеңестік тарихи және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда көшпенді қоғамды «әскери демократия» ретінде түсіну басым болды және бұл марксизм классиктерінің еңбектерінен бастау алды. Соған сәйкес көшпенді қоғамның базистік, яғни шаруашылық-экономикалық қатынастары түбегейлі өзгерістерге ұшырамайды, ал бұл өз кезегінде әлеуметтік-саяси жүйенің өзгеріссіз қайталанып отыруының алғышарты болып табылады. Бұл ұстаным көшпенді қоғамның ішкі динамикасын жеткілікті ескере бермейді. Тәуелсіздіктен кейінгі және бұрынғы қатаң идеологиялық шектеулер алынып тасталған жылдары отандық ғылымда көшпенді қоғамның сапалық ерекшеліктері мен әлеуметтік-саяси құрылымының өзіндік сипатын түсінудегі олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған зерттеулер жарық көре бастады. Бұл зерттеулер қазақ өркениетінің жүйелік-құрылымдық сипаттарын ашуға бағытталды. Е. Омаров: «Қазақ өркениетінің жүйесіне оның құрамдас қабаттары құқында далалық, көшпенді, қалалық, өзендік, егіншілдік, әскери-демократиялық өркениеттер кіреді, ал ол өз бастауын ежелгі сақ (қасақ) өркениетінен алады», – деп жазады [2]. Әрине, аталған құрылымдық бірліктер протоқазақ өркениетінің маңызды элементтері, бірақ оларды жеке өркениеттер деп қарастыру тарихи шындыққа сай келмейтін тәрізді. Олай дейтініміз, жоғары да аталғандардың бәрі бір өркениеттік кеңістік аясында өрістейді, бір-бірімен синхронды ұштасып жатады және бір-бірін толықтырып отырады. Отырықшылық өркениеттерге тән орталық және шеткі аймақ

(центр-периферия) қатынасы көшпенді дала өркениетінде басқаша сипатта болады. Соңғы өркениет типінде белгілі бір дәрежеде шеткі аймақ өзінің мәдени-экономикалық дербестігін сақтап қалады. Ал көшпенді қоғамның әлеуметтік-саяси ұйымдасуына горизонтальды және вертикальды құрылым тән болды. Бұл құрылымдар А.И. Оразбаеваның зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған. Жүйе ішіндегі бұл құрылымдарға өзіндік толымдылық сипат тән, сондықтан олар тез арада қалпына келуге бейім болды. Ең алдымен бұл «... Еуразиялық дала көшпенділері өркениетінің вертикальды әлеуметтік мобильділік институттарының міндеті басқару (бағындыру З.Қ.), емес, көшпенді социумының мүдделерін қорғау мен бүкіл этностың тұтастығын сақтау болды» [3]. Көшпенді қоғамындағы әрбір индивидтің мүліктік-құқықтық тұрғыдан қорғалғандығын да атап өткен маңызды, өйткені кез-келген индивид белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі болып табылатын және ол осы топтың қолдауы мен қорғауына сүйенетін. Көшпенділердің әлеуметтік жүйесін бірін-бірі орап жатқан шеңберлер ретінде сипаттауға болады (индивид, қарапайым отбасы, кеңейтілген отбасы, ру, тайпа). Индивидтің үлкен және кіші социумның қолдауы мен қорғауына ие болуы оған үлкен жауапкершілік жүктейтін. Себебі, сүйекке таңба түсіретін әрекеті оны ру мен тайпа тарапынан қорғансыз қалдыратын. Кейде, тіпті, адамгершілік-моральдық айыптау ресми жазалаудан да ауыр болатын. Адамның әрекетін осындай реттеу механизмдері бала жастан бастап-ақ санаға сіңірілетін және индивидтің әлеуметтену процесінде маңызды рөл атқаратын. Мораль мен адамгершілік тұрғысынан бекітілмеген заң мен құқықтың тиімділігі шамалы. Дәстүрлі, соның ішінде көшпенді қоғамның құқықтық жүйесінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – құқық нормалары мен әлеуметтік қатынастарды реттеу принциптерінің адамгершілік-моральдық негізделуі болып табылады.

Көшпенділердің саяси жүйесі де демократиялық сипатта болды. Демократия «әскери демократия» концепциясының өкілдері айтқандай, жорық барысында түскен олжаны бөлуге келіп саймайды. Көшпенділерде басқа «өркениетті» халықтармен салыстырғанда қаған мен ханның билігі абсолютті шексіз болған емес. Маңызды мемлекеттік мәселелер тұрақты шақырылып тұратын халық жиыны – құрылтайларда шешілді. Құрылтай құрамына елге танымал батырлар мен билер, ақын-жыраулар кірді. Олар тұтас халықтың мүддесін қорғайтын шешімдер қабылдап

отырды. Қаған мен ханның билігі легитимділік, билік ету құқын мойындау принципіне сүйенді. Алайда, егер оның қабылдаған заңдары мен шешімдері халықтың күткеніне сай келмей, оның заңды мүдделері мен құқықтарына қайшы келсе, ол биліктің легитимділігінен айырылатын және мұндай хандардың билігі дала тарихында ұзаққа бармайтын. Көшпенді қоғамдағы хандық билік пен билер билігін талдай отырып, профессор Д.С. Раев төмендегідей тұжырымға келеді: «Хан билігі мен шешендік билікті салыстыра салмақтайтын болсақ, әдетте, соңғысына басымдылық, беделділік берілген. Би – ханның ақыл-ой кеңесшісі, рухани тірегі әрі рухани ұстазы.

Бидің саяси сөздерінің мақсаты – мемлекет басшыларының істеген оң-терісін айтып, оң іске қолдау көрсетіп, терісіне мін айту, басшының сөзі мен ісінің үйлесімді-үйлесімсіздігін ажырату, мәселені халықтың ұпайына шешу, әлеуметті дұрысына қарай жүргізу, азаматтықтан тайдырмау. Мұндағы би-шешендердің көздегені – мемлекеттік билік қызметін халық мүддесіне бағындыру, қоғамдық-саяси іс-әрекеттердің ел игілігіне жұмсалуды қадағалау» [4]. Автордың бұл тұжырымы көшпенді өркениеттің маңызды белгісі болып табылатын билік жүйесінің өзіне тән ерекшелігінің бар екенін айғақтайды. Көшпенді қоғам билік тармақтарының осылайша ажыратылуын қалыптастыра отырып, еуропалық өркениеттен көп бұрын билік тармақтарының бір-бірін шектеп, биліктегі таразы бастарының тепе-теңдігін сақтап отырудың өзіндік тетіктерін дүниеге әкелгенін байқатады.

Көшпелі қоғамда ру-тайпа арасындағы туысқандық байланыстар өте маңызды болды. Басқалардан немесе ел ішіндегі қайшылықтардан қысым көрген отбасы мен ру өкілдері әрқашан жақын туыстарынан пана іздейтін. Ал ондай адамдарға қол ұшын беру (әрине, қылмыс жасап, ата жолдан аттамаса) парыз саналатын. Жұт, табиғи және тағы басқа да ауыртпалықтар кезінде көшпенділер ұжымдық көмекке сүйенетін. Қазақтар тарихында жерге қоныстандыру, мал-жан бөліп беру, үй-жабдықтарымен қамтамасыз ету фактілері жиі кездескен. Қазақтар арасында соңғы уақыттарға дейін жылу беру, сауын беру, көлік майын беру сияқты экономикалық қолдау көрсету тәсілдері орын алып келді. Өзара ынтымақтастық пен қолдаудың осындай әлеуметтік түрлері қазақ қоғамында жазылмаған заңдар арқылы реттеліп отырды. Көшпелі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзіндік ерекшеліктерін талдай келе, Қ. Омарханов: «Көшпенді елдің тұрмысында берік орын

алған құқықтық дәстүрдің ішінде сауын мен көлік майы әдет-ғұрпының алар орны ерекше болған. Кәсібі мал шаруашылығына бейімделген қазақтардың тұрмыс-тіршілігіндегі экономикалық әл-ауқатты жақсартуда бұл әдет-ғұрыптың қосар рөлі зор болып келді. Келісім-шарт бойынша сауын малынан алынатын сүт, май, құрт және жүні мал иесіне қайтарылмайтын. Мұның есесіне, сауын алушы шарттағы белгіленген мерзімге дейін алған малының басын аман сақтап, иесіне табыс етуге міндетті. ... Қазақтар жылдың төрт маусымында жиі-жиі көшіп жүретін болғандықтан, маусым сайынғы көші-қонда көлік күші жетіспеген жағдайда ағайын-туыс, жекжат адамдар, көрші-қоландар тамыр-таныстарынан үнемі көлік майы көмегін алып отырған. «Көлік майын» алушы мен беруші оның өтем ақысын өзара келісіп шешеді. Яғни, бірінің мұқтажын бірі шешіп, әлеуметтік ауыртпалықтан ағайын-туыс, ауыл-аймақ болып құтыла білген», - деп тұжырымдайды [5]. Осындай экономикалық өзара көмек қиын-қыстау замандарда ұлттың бірлігі мен тірлігін сақтап қалуға ықпал етті.

Алайда, мәселенің маңыздылығы мұнымен шектелмейді. Маңыздысы, көшпенді қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастардың өркениетті экономикалық-құқықтық негіздерін қалап, қамтамасыз ете білуінде. Отырықшы өркениеттерде экономикалық-құқықтық негіздер билеуші топтың бұқара халықты шектеусіз қанауын қамтамасыз етуге қызмет етсе, көшпенді қоғамда олар, қазіргі тілмен айтқанда, әлеуметтік серіктестікті және ұжымдық жауапкершілікті қамтамасыз етуге бағытталды.

Өркениеттің қалыптасуында өркениеттік идея немесе идеялар жиынтығы (яғни сол өркениеттің қалыптасуына себеп болатын және осы өркениетке бастама берген мәдени әлеуметтік бірлестік қойнауында пісіп жетілетін идея немесе идеялар кешені) маңызды рөл атқарады. Сондықтан табиғи ая (географиялық орта) мен шаруашылық-экономикалық тип өркениет қалыптасуының қажетті, бірақ жеткіліксіз алғышарты болып табылады.

Өркениеттік идея халықтық көмескі сананың терең қойнауларында пайда болғанымен, қоғам мен жеке адамның болмыстың мәнді сұрақтарына жауап беруінің барысында рухани мәдениет пен ізденістің жемісі ретінде пісіп жетіледі. Өркениеттік идея этностың өзінің шектелген кеңістігінен шығып әлемдік тарихи ағымға қосылуын қамтамасыз етеді. Осыған орай, өркениеттің қалыптасуында негізгі үш кезеңді бөліп қарастыруға болады. Бірінші, протоөрке-

ниеттік кезең. Бұл кезеңде жоғарыда айтылған екі фактордың, яғни географиялық орта мен шаруашылық-экономикалық типтің маңызы басым болады. Екіншісі, кемелденген немесе толысқан өркениеттілік кезең. Бұл кезеңде өркениеттік идея тарихи қалыптасқан өркениеттің барлық салаларын қамтып оған тұтастық, жүйелік сипат береді. Үшінші, дағдарыс немесе құлдырау кезеңі. Ол өркениеттік идеяның жұмылдырушылық (мобилизациялық) және ұйымдастырушылық қабілетінің сарқылуымен сипатталады. Бұл кезең өркениеттің ыдырауымен немесе басқа (жаңа болуы да мүмкін) өркениеттік ағымға қосылуымен сипатталады. Қазақ өркениетінде бұл зар заман атауына ие болады.

Өркениеттік идея мемлекеттілік ұғымымен тығыз байланысты. Мемлекеттілік өркениеттіліктің маңызды белгілерінің бірінен болып табылады. Көшпенділер туралы айтқанда, олардың өз мемлекетінің негізін қалаған халықтар ретінде тарихқа енгенін айта кетуіміз керек. Олардың дүниетанымында мемлекеттілік идеясы этностың тіршілік етуі мен дамуының маңызды алғышарты болып табылады.

Қазақ тарихы мен әдебиеті мемлекеттіліктің қарапайым адам өмірінде өте маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Тұғыры биік, тамыры терең мемлекет әрқашан көшпенді, бақташы мен сарбаздың құндылықтар жүйесінде қасиетті орын алған. Мемлекеттік билік көбінесе өзінің ерік-жігері, батырлығы мен ақылы ұштасқан тұлғалармен ассоциацияланған. Алайда, мемлекеттілік идеясы әрбір көшпенді ерінің тек әлеуметтік әрекетімен ғана емес, ішкі жан-дүниесімен де тығыз байланысты болған. Ұйымдасқан саяси өмір көшпендінің болмыс-бітіміне толыққанды сипат береді. Көшпеліліктің ішкі мәнін түсінбеген сырт көзге ғана олардың өмірі тек табиғи алғышарттармен анықталатын жүйесіз, бей-берекетсіздік қимыл сияқты болып көрінеді. Бірақ, көшпелілік алғашқы тағылық өмірден әлеуметтік ұйымдасқан сипатымен ерекшеленеді. Кез-келген адамзат қауымдастығындағыдай, тіршілік етудің ұжымдық ұйымдасқан формасы көшпенділерге де тән. Яғни, мемлекеттілік адам болмысының қажеттілігінен туындаған әлеуметтік құбылыс. Сондықтан, «көшпелілерде мемлекет ішкі мәселелерді шешу үшін қажет болмады. Номадтардағы биліктің орталықтанған ұйымдасуы тек сыртқы міндеттерді шешу үшін, сыртқы қанаушылық әрекет арқылы егіншілік-қолөнер өнімдерін иемдену үшін немесе жер өңдеуші өркениеттердің қысымына қарсы тұру үшін пайда болды. Көшпенділердің саяси құрылымының

отырықшы-жер өңдеуші қоғамдардың мемлекеттілігінен принципіальды ерекшелігі осында» деген біржақты пікірлермен келісу қиын [6].

Мемлекеттің сипаты халықтардың өмір салтымен тығыз байланысты болғанымен, оның мәні мен қызметі әмбебапты. Мемлекеттің пайда болуы қоғам дамуының заңды сатысы және ол осы қоғамдағы әр түрлі қатынастарды реттеу мен басқаруға, оның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды. Агрессиялық сыртқы саясат жүргізу тарихта тек көшпенділерге ғана тән және көшпенділер мемлекеттерінің пайда болуы тек сыртқы экспансиялық қажеттіліктен туындады деп санауға болмайды. Бұл көшпенді социумындағы мемлекеттің рөлі мен орнын бұрмалаушылыққа алып келетіні күмән туғызбайды. Біздің пікірімізге сай, көшпелі қоғамдағы мемлекеттің рөлін С.Г. Кляшторный айқын аша алған, ол: «халық-мемлекет-заң» үштік бірлігін сезіну және оның ар жағында не тұрғанын түсіну қағанаттың саяси идеологиясын манифестациялайтын көне түркі жазба ескерткіштерінде болмыстың жаңа бітіміне айналды», – деп жазады [7].

Автордың пайымдауынша, мемлекеттің қалыптасуы түркі қоғамындағы үлкен өзгерістерге ие болды. Ең алдымен, түркі қоғамының әлеуметтік құрылымы өзгерді. Мемлекеттік және әскери билікті қолына шоғырландырған империялық аристократия қалыптасты. Екіншіден, қағанаттың құрылуы түркілердің мәдени жағдайына зор ықпал етті. Орталық Азия, Иран және Византия өркениеттерімен қарым-қатынас орната отырып, түркілер қысқа уақыт ішінде мәдениеттің жаңа типін қалыптастырды. Қарқынды мәдени дамудың нәтижесінде VI ғасырдың соңында түркі өркениеті қалыптаса бастады. Үшіншіден, Бірінші қағанаттан соң этногенетикалық процестер жаңа бағыттылыққа ие болды. Түркілердің генеологиялық аңыздары Жоғарғы Енесайды мекендеген қырғыздармен, Русьтегі қыпшақтармен және Батыстағы оғыздармен туысқандық байланыстарды ашты. Сөйтіп, VI ғасырдан бастап, көршілес жатқан парсы, араб, византия халықтары үшін түрік этнонимі тілі мен әдет-ғұрпында айырмашылығы жоқ біртұтас халықты білдірді.

Дүниені тану мен игерудің мифологиялық матрицасына сай көне түркілер өздерінің елдігінің қалыптасуын Тәңірлік сеніммен байланыстырған. Сондықтан, Тәңіршілдік пен түркі елі идеялары V-XII ғасырлардағы Еуразия даласындағы қуатты көшпенді империяның өркениеттік идеясына айналады. Түркілерді ел еткен Тәңір

күдіреті, ал түркілер өздерін осы сенім-мұраттарын жүзеге асыруға қабілетті бірден-бір этнос деп қабылдады. Бір сөзбен айтқанда, Тәңіршілдік пен түркі елі идеялары түркі өркениетінің «прасимволь» болып табылды. Осы екі идеяның тұтастығы түркі мәдениеті мен өркениетінің барлық салаларын қамтып жатты және қоғамдық сана формаларында көрініс тапты.

Сондықтан, көшпелі өркениеттің өзіндік ерекшеліктері мен даму заңдылықтарын қарастырғанда «өркениеттік идея» ұғымын да жан-жақты зерделеп, оның мән-мазмұны мен функциональдық мағынасын айқындап алу қажет. Онсыз өркениеттік талдау толымсыз болып қалмақ. Өркениеттік идеяда ұлттың өткені мен бүгінгі күніне, болашағына қатысты ой тұжырымдар жинақталады, оның дамуының перспективалары айқындалады. Өркениеттік идеяның мазмұны тарихи дәуірдің ұлт алдына қойып отырған талабына сай өзгеріп отырады, бірақ, өркениеттік идея ұлттың рухани өзектері мен қайнар бұлақтарынан алыстап кетпеуді қамтамасыз етеді.

Сонымен қорыта айтатын болсақ, көшпенді өркениетінің қалыптасуының бірнеше алғышарттары болды. Біріншіден, бұл табиғи географиялық орта мен климат. Екіншіден, шаруашылық-экономикалық тип. Үшіншіден, әлеуметтік-мәдени және рухани жүйе. Өркениет – интегралды құрылым. Аталған үш алғышарт бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, жеке-дара қарастырылған, бұлардың ешқайсысы өркениетті қалыптастыра алмайды. Өйткені, өркениет бұлардың қарапайым жиынтығы да, тұтастығы да емес. Өркениеттің қалыптасуы әлде бір бастаудың айқындалуымен тығыз байланысты. Көшпелілерде бұл бастау кеңістікті игерумен және ұйымдастыру ажырамас байланыста болады. Көшпенді бойындағы кеңістікті бағындыруға деген бейсаналық ұмтылыс қозғалыстағы өмірді болмыс мұратына айналдырады. Үздіксіз қозғалыстағы болмыс қана кеңістіктің шектілігінен (мұндағы шектілік көкжиекпен анықталады) шығуға жетелейді.

Сондықтан, кеңістікті бағындыруға деген талпыныс көшпенді бойында еркіндікті сезіну сезімімен ұштасады. Дала кеңістігі – көшпелі үшін бостандық пен еркіндік кеңістігі. Ал бостандық – болмыстың мәні. Сондықтан, өркениеттің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуын тек рационалдық өлшемдермен түсіндіру мүмкін емес. Өркениет – рационалдылық пен иррационалдылықтың, саналылық пен бейсаналықтың, табиғилық пен әлеуметтіліктің интегралдық бірлігі мен тұтастығы.

Жоғарыда айтылғандардан байқайтынымыз, мәдени-өркениеттік тұтастықтың әрбір құрамдас бөлігі үйлесімді қызмет етіп, өзін жасампаздықпен жүзеге асыра алуға қабілетті болғанда ғана өзінің тіршілігін сақтап қала алады. Керісінше, жағдайда қоғамдық жүйе тоқырауға ұшырап, өзінің өміршендігін жоғалтып, ыдырауға бейім болады.

Қазақстанның қазіргі дамуы көп жағдайда, жүргізіліп отырған реформалардың халық тарапынан қабылдануы мен олардың қажеттілігін сезінуіне байланысты болмақ. Бір сөзбен айтқанда, қоғамдық қайта құрулардың мәні неде, олар қандай нәтижелер береді және қоғамның қазіргі жағдайы мен болашағына қалай әсер етеді деген сұрақтарға жауап беру барысында қайта құрулардың құндылықты сипаты айқындалуы қажет. Осы тұрғыда академик Ә.Н. Нысанбаевтың мына ортаға салған мына бір пікірі өте орынды деп ойлаймыз: «Қарқынды өріс алып отырған жаһандану жағдайында, Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының конструктивті сұхбаты өте қажет. Өтпелі қоғамның мәдениет саласындағы күрделі қатынастарын реттейтін және халқымыздың мәдениетінің қайталанбастығы мен өзіндік сипатын қамтамасыз ететін заңдар қажет»[8]. Мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтау, қоғамдық және мемлекеттік тұтастықты сақтау ұлттың ішкі рухани әлеуетіне және шығармашылық қуатына байланысты. Ұлттың қалыптасуында ортақ тарихи жадымен бірге ортақ мақсат-мүдделер, идеялар да үлкен рөл атқарады. Сондықтан қазіргі Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің болашағы осындай мақсат-мүдделер мен идеялардың өміршендігіне және олардың интеграциялық әлеуетіне тығыз байланысты болары сөзсіз. Бұл ең алдымен, Қазақстан мемлекеті мен қоғамның тарихи-субстанционалдық негізін құрап отырған қазақ халқына қатысты. Қазіргі қазақ зиялы қауымы мен саяси элитасы осындай ортақ мақсат-мүдделер мен идеяларды өндіруге және іске асыруға қаншалықты қабілетті, көп мәселенің түйіні осыған келіп тіреледі. Қазіргі Қазақстан қоғамы алдында тұрған бұл міндетті Б. Сексенбаев төмендегідей тұжырымдайды: «Қазақстанның тарихи міндеті «туысқан халықтардың арасында өзінің лайықты орнын» алу ғана емес, немесе әртүрлі мемлекеттерді, халықтар мен мәдениеттерді «жалғастырушы көпір» болу емес, сонымен қатар адамзат табиғаты дамуының қазіргі заманғы деңгейіне толық жауап беретін өзінің принципті түрдегі жаңа өмірлік тәсілдерін жасауға күш

салуы тиіс. Тек осындай қадам ғана біздің халқымыздың жетістігі болып табылады, әрбір қазақстандық өзінің ментальды-рухани дамуына, денсаулығының мықты болуына, материалдық жағынан жеткілікті өмір сүруге байланысты жаңа сапаларды еншілейді, осының нәтижесі *қазіргі қазақстандық мәдениет* деп аталатын тарихи феноменнің мазмұнын құрайды» [9].

Қазақстан Республикасы жүз отыздан аса ұлттар мен ұлыстардың ортақ үйі. Ғасырлар бойы қалыптасқан халық даналығы, саяси көрегенділігі елімізде әлеуметтік, діни-этникалық, ұлтаралық қақтығыстардың алдын алуға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні «қазақстан халқы» еліміздің саяси-әлеуметтік өмірінің ажырамас ұғымына айналды. Егер тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетіміздің болашағына күмәнмен қарағандар үлесі басым болса (сол жылдарғы деректер бойынша алыс-жақын елдерге қоныс аударғандар саны бір миллионнан асқан), қазіргі уақытта қоныс аударушылар саны күрт азайып, қайтып оралушылар саны жылдан жылға артып отыр. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жеткен жетістіктері, мемлекеттік және қоғамдық басқару жүйесін қалыптастыруы, экономикалық-саяси қайта құруларды жүзеге асыра алуы Қазақстанның мәдени-өркениеттік әлеуетінің жоғары екендігін байқатады. Қазіргі таңда Қазақстанда өмір сапасын жақсартудың барлық алғышарттары қалыптасқан деп айтуға болады. Жаһандану үрдісінің қарқындауына қарамастан Қазақстан қоғамында оның келеңсіз тұстарын залалсыздандыруға қажетті әлеует әлі де болса жоғары екені қуантады. Республика тұрғындары арасында жүргізілген әлеуметтанулық сауалнамаға сәйкес қазақстандықтардың құндылықтар иерархиясында отбасылы болу – 48,9 %, жақсылық жасау – 42,2 %, денсаулық – 39,5 %, жақсы қызмет – 26,5 % жоғарғы позицияларды иеленсе, уақытты жақсы өткізу – 3,1 % ең төменде орналасқан [10].

Қазақстан Республикасының басты құндылықтарының бірі – азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қамтамасыз ету. Қазақстанның тәуелсіздігі әрбір азаматқа өз бойындағы шығармашылық қабілетін жүзеге асыруға мүмкіндік берді. «Темір тордың» ашылуы азаматтарымызға басқа елдердің өмірімен танысуға, ой еркіндігі мен сана ауқымының кеңеюіне ықпал етті.

Қазақстандықтар туындаған мәселелерді тек өркениетті жолмен, яғни қоғамдық келісім мен өзара түсіністік аясында шешу ғана олардың бәрінің прогрессивті дамуының кепілі екенін жете түсінді. Бұл этникалық, конфессиялық қақты-

ғыстар мен шиеленісулердің алдын алудың алғышарттарын қалыптастырды. Соған қарамастан этносаралық, конфессияаралық келісімді нығайту, толеранттылық пен диалогты дамыту Қазақстан Республикасының ішкі саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қақтығыстар мен кикілжіңдер қоғамның ішкі тұрақтылығы мен өзара түсіністігін қамтамасыз етпей тұрып, алға жылжудың мүмкін еместігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың әрбір азамат үшін аса зор құндылық екенін әрдайым айтып отырады. Транспаренттілік, дәстүр, толеранттылық және демократиялық үрдістерді жалғастыру еліміздің дамуының басты басымдылықтары болып табылатынына бүгін ешкім күмән келтірмейді. Қазақстан қоғамы прогрессивті идеялар мен ой-пікірлерге әрқашан ашық, алайда бұл идеялар қалыптасқан дәстүрмен, қазақстан халықтарының менталитетімен сабақтас болуы қажет. Сондықтан кез-келген инновациялық өзгерістер әлеуметтік-рухани құндылықтарымызбен сәйкестікте болғанда ғана оң нәтижелер береді. Яғни, инновациялардың қоғамның күтетін межелегіне сай болуы – негізгі алғышарттардың бірі.

Қазіргі әлемдегі мемлекеттердің басым бөлігі көпұлтты. Яғни, көптеген халықтар өздерінің ұлттық мемлекеттерінен тыс аймақтарда өмір сүреді. Бұл қазіргі заманның өзіндік ерекшелігі десек артық айтпаймыз. Сондықтан әртүрлі мәдениеттердің өкілі болып табылатын ұлттар мен ұлыстар арасында өзара түсіністік пен келісім мәдениетін дамыту мемлекеттің басты ұстанымдарының бірі екені де күмәнсіз. Ұзақ уақыт бойы бір географиялық аймақ пен мемлекет аясында тіршілік ету, ортақ мақсаттарға жету жолындағы қажырлы әрекет халықтар арасындағы комплиментарлықты қалыптастыратыны мәлім. Бүгінгі Қазақстан қоғамында осындай комплиментарлықтың терең тамыр жайғанына ешкім күмән

келтірмейді. Бұл комплиментарлық қазақ халқының терең дүниетанымынан бастау алады және қазақ халқының ойшылы, хакім ақыны Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген ой-тұжырымында көрініс табады. Сонымен қатар, көне түркілер заманында қалыптасқан «Құдай бір, бірақ әркімнің оған барар жолы әртүрлі» деген ұстаным да халықтарды дініне қарап жіктеуге тосқауыл қойды. Қазақтар адамды ұлтына, нәсіліне, дініне қарап емес, оның бойындағы адамгершіліне қарай бағалайды. Бұл әртүрлі мәдениеттер мен діндер тоғысқан аймаққа тән құбылыс. Профессор Ә. Дербісәлі: «Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия тоғысқан Жібек жолындағы Қазақстан қалаларында әртүрлі діндердің өзара кірігіп, бір-бірін байытуына игі жағдай қалыптасты, біздің көп ғасырлық тарихымыз осыны айғақтайды» деп жазады [11]. Бұл Қазақстан жерінде ғасырлар бойы мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысып, қатар өмір сүргенін байқатады. Қазақстанның тарихы – ортақ мақсатқа жету жолындағы әртүрлі этностар мен ұлттардың өзара түсіністігі мен татулығының, өзге ұлттарды өз төңірегіне тұтастыра алған қазақ халқының бауырмалдылығы мен кеңпейілділігінің куәсі деп айта аламыз.

Әрине, Қазақстан қоғамында қалыптасқан тұрақтылық пен келісімге төнетін қауіптер де жоқ емес. Ұйымдасқан жемқорлық, халықаралық терроризм мен экстремизм, геосаяси және миграциялық үрдістерді осындай факторларға жатқызуға болады. Бұл қауіптер Қазақстанның ғана емес, бүгінгі күнгі халықаралық қауымдастықтың ортақ мәселелері. Алайда біз ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени сабақтастық пен қазіргі күнгі жасампаздықты ұштастыра білсек, аталған мәселелер оң шешімін табады деп сенеміз. Бұл мәселелерді шешу Қазақстан қоғамының ішкі тұтастығын, өзара түсіністік пен толеранттылықты, транспаренттілік пен демократиялық үрдістердің тоқтамауын талап етеді.

#### Әдебиеттер

- 1 Формирование толерантного сознания в современном казахстанском обществе. – Алматы, 2009. – 106 с.
- 2 Омаров Е. Краткая история казахской цивилизации. – Алматы: Арда, 2005. – 17 с.
- 3 Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 211 с.
- 4 Раев Д.С. Би-шешендердің саясат туралы көзқарастары // Саясат. – 2000. – № 12. – 88-89 бб.
- 5 Омарханов Қ. Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. – Астана: Елорда, 2003. – 63-64 бб.
- 6 Крадин Н.Н. Кочевники Евразии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 117 с.
- 7 Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. – СПб.: Наука, 2006. – 438 с.

8 Нысанбаев А.Н. Сущность глобализации и ее влияние на Республику Казахстан // Казахстан в условиях глобализации: философско-политологический анализ. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Инс-та философии и политологии МОН РК, 2006. – 92 с.

9 Сексенбаев Б. Мәдени сабақтатықтағы тарих даналығы // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 10-том. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары. – Алматы: Жазушы, 2006. – 344 б.

10 Телебаев Г.Т., Шайкенова А.Т., Омирсеитова А.К и др. Казахстанская культура сегодня: ценности, потребности, институты. – Астана: Елорда, 2002. – 11 с.

11 Дербисали Абсаттар Хаджи. Шелковый путь и история становления многоконфессиональности Казахстана // Евразия. Общественно-политический и литературно-художественный журнал. – №1. – 2008 (40). – 68 с.

#### References

- 1 Formirovanie tolerantного soznaniya v sovremennom kazahstanskom obshhestve. – Almaty, 2009. – 106 s.
- 2 Omarov E. Kratkaja istorija kazahskoj civilizacii. – Almaty: Arda, 2005. – 17 s.
- 3 Orazbaeva A.I. Civilizacija kochevnikov evrazijskih stepej. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – 211 s.
- 4 Raev D.S. Bi-sheshenderdiң sajasat turaly көзқарастары // Sajasat. – 2000. – № 12. – 88-89 bb.
- 5 Omarhanov Қ. Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. – Астана: Елорда, 2003. – 63-64 bb.
- 6 Kradin N.N. Kochevniki Evrazii. – Almaty: Dajk-Press, 2007. – 117 s.
- 7 Kljashturnyj S.G. Pamjatniki drevnetjurkskoj pis'mennosti i jetnokul'-turnaja istorija Central'noj Azii. – SPb.: Nauka, 2006. – 438 s.
- 8 Nysanbaev A.N. Sushhnost' globalizacii i ee vlijanie na Respubliku Kazahstan // Kazahstan v uslovijah globalizacii: filosofsko-politologičeskij analiz. – Almaty: Komp'juterno-izdatel'skij centr Ins-ta filosofii i politologii MON RK, 2006. – 92 s.
- 9 Seksenbaev B. Mәdeni sabaktatyqtarы tarih danalyғы // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 10-том. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары. – Алматы: Жазушы, 2006. – 344 б.
- 10 Telebaev G.T., Shajkenova A.T., Omirseitova A.K i dr. Kazahstanskaja kul'tura segodnja: cennosti, potrebnosti, instituty. – Astana: Elorda, 2002. – 11 s.
- 11 Dербисали Absattar Hadzhi. Shelkovyj put' i istorija stanovlenija mnogokonfessional'nosti Kazahstana // Evrazija. Obshhestvenno-politicheskij i literaturno-hudozhestvennyj zhurnal. – №1. – 2008 (40). – 68 s.